

ЛЕНИН ТУҒЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 154 (9216) | 1953 жылғы 2 август Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Бүкілодақтық теміржолшылар күні

Бүгін — совет теміржолшыларының дәстүрлі мерекесі. Бүкіл совет халқы бүгінгі күні темір жол транспорты қызметкерлерінің елімізде коммунизм орнату жолындағы бүкіл халықтық күресте қол жеткен табыстарын атап өтеді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің үздіксіз қамқорлық жасауы нәтижесінде еліміздің темір жол транспорты, әсіресе, соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезінде ойдағыдай өркендеді. Ал, совет өкметі орнағаннан бергі мерзім ішінде еліміздегі темір жолдардың жалпы ұзындығы екі есе артты. Қазақстан жерінің өзінде мыңдаған километрге созылған Түркістан—Сибирь және Қарағанды темір жолдары салынды. Социалистік Отанымыздың темір жол транспорты көзіргі заманның ең жаңа техникасымен жабдықталған. Мұның өзі жүк тасымалдау жөніндегі мемлекет тағайындаған тапсырмалардың қалтқысыз және мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді.

Еліміздің темір жол магистральдары, тораптары мен станциялары жаңа техника негізінде қайтадан жасалуда. Үстіндегі бесжылдықтың аяғына дейін темір жол тораптарының ұзындығы бірнеше мыңдаған километр арта түсетін болады. Бесжылдықта Абақаннан Ақмолаға дейін созылатын біржарым мың километрлік Оңтүстік-Сибирь магистралінің құрылысы аяқталады. Бұл жол Кузбасс пен Оралдың транспорт байланысын күшейтеді. Үстіндегі жылдың өзінде Оңтүстік-Сибирь магистралінің негізгі звеносы — Ақмоладан Павлодарға дейінгі участогі іске қосылады. Сол сияқты, быйыл Қарағандының көмірін Қазақстанның оңтүстік аудандары мен Орта Азия республикаларына жеткізу жолын көп қысқартуға мүмкіншілік беретін Мойынты — Шу жолы пайдалануға беріледі.

Осы бесжылдықтың ішінде еліміздің темір жолдарының алатын қуатты локомотивтерінің саны өткен бесжылдықтарыдан әлде қайда көп болады. Темір жол транспортындағы еңбекті көп керек ететін жү-

вагондар айналымының уақыты орта есеппен 6,3 процент қысқартылды. Жол бөлімшесінің кәсіпорындары еңбектің прогрессивтік әдістерін қолдана отырып, өткен 6 айдың ішінде жоспардан тыс 2 миллион сомнан аса қор жыйнады.

Темір жол транспортын оған әрі өркендету жүресінде озат әдістерді және жаңалық бастамаларды өндіріске батыл енгізу шешуші роль атқаруда. Мұның өзі еңбек өнімділігін арттырып, әрбір участоқта жұмыстың сапасын жақсартуға түсуге мүмкіншілік береді.


Еліміздің темір жол тораптарының алдыңғы қатарлы адамдарының озат тәжірибелері мен игілікті бастамалары Петропавл теміржолшыларының арасында қызу қолдау табууда. Жол бөлімшесінің жүздеген стахановшылары еңбекке социалистік көзқарастың тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Петропавл станциясының диспетчері Родин, комсомол-жастар бригадасының нұсқаушы-машинисі Лесков, станция кеземшілері Емельянов және Баталов, поезд құрастырушы Малышко, паровоз депосының токарі Тихий жолдастар және басқа көптеген стахановшылар жол бөлімшесінің мемлекеттік тапсырмаларды әрқашан ойдағыдай орындап отыруына келеді үлес қосты. Атап айта кету қажет, жол бөлімшесінің жоғарыда аталған озаттары сияқты стахановшылары өздерінің жұмыстарында жаңа әдістерді қолданумен қатар, өндірісте бірқатар рационализаторлық ұсыныстар енгізді.

Солай болса тұрса да, бөлімшенің кәсіпорындарының жұмысында әлі де бірқатар кемшіліктерге жол беріліп келе жатқандығын айтпауға болмайды. Еңбек тәртібін бұзу, жолды пайдаланудың техникалық ережелерін сақтамау, поездар жүргізу графигін бұрмалау сияқты кемшіліктер күні бүгінге дейін жойылмай келеді.

Теміржолшылардың бұл кемшіліктері толық жоюына, сөйтіп, жүк тасымалдау жоспарының мерзімінен бұрын орындалуын қамтамасыз етуге толық мүмкінші-

Бүгін совет теміржолшыларының дәстүрлі мерекесі
Облысымыздың теміржолшылары! Ұлы Коммунистік партияның қамқорлығына жемісті еңбекпен жауап беріп, темір жол транспортында жаңа өрлеу туғызыңдар!

Петропавл теміржолшылары өз мерекесіне лайықты тартулармен келді



Суретте: Петропавл темір жол бөлімшесінің таңдаулы адамдары. Жоғарыда сол жақта — нұсқаушы-машинист Н. Лесков, оң жақта — жол бөлімшесінің диспетчері Г. Родин жолдастар. Төменде (солдан оңға қарай) поезд вагон мастері Ф. Калинин, вагоншы-слесарь В. Сыздықов, диспетчер О. Чиркова паровоз депосының токарі И. Тихий және вокзал кезекшісі А. Черешинко жолдастар. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Ауыр жүк тиелген составтар

Біздің табысқа жетуіміздің сыры неде? Біз, еңалдымен, паровоздың техникалық күтімін әлде қайда жақсартуға түсіп, оны әрқашан сапарға шығуға дайын қалында ұстаймыз. Анығында шалағай жөнделген паровоздың ешқайда шығалмайтындығы, шықса да көп жүк тасый алмайтындығы өзінен-өзі белгілі.

Біздің бригадалардың барлық мүшелері слесарь мамандығын жеті игеріп, қандай да болса профилактикалық жөндеу жұмысын жүргізуге мүмкіншілігі жеткілікті. Паровозды сапарға әрқашан өзін ұстаудың озат әдісінің негізінің өзі де осында. Профилактикалық шараларды деркезінде қолдана білудің өзі паровоздағы ірі жаулардың тең жартысын болдырмауға мүмкіншілік береді.

Локомотивтің барлық детальдарын алғашқы қалпында ұстау, жолда қосымша су аймау үшін мүмкіншіліктер бар екені таңдаулы машинистердің тәжірибелерінен көрініп отыр. Мәселен, июнь және июль айларында біздің паровоз айналымға 12 рет беріліп, жолда қосымша су алмасты 20 рет сапарға шықты. Мұнымен біз локомотивтің пайдасыз бөе тұруын қысқартып, бірталай уақытты ұттық. Біз тәулігіне 3 рет сапарға шығып, локомотивтің пайдалы жұмысын 1 миллион тонна-километрге жеткізіп жүрміз.

Ауыр жүк тиелген поездарды алып жүру — барлық машинистердің абройлы ісі.

Ш. РАҚЫМЖАНОВ,
паровоз депосының аға машинисі.

Цифрлар мен фактілер

Теміржолшылар күнін Петропавл станциясының жүк түсірушілері мен жүк тиеушілері 7 айдың өндірістік программасын мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алды. Петропавл жол бөлімшесінің коллективі астық, металл тиеу

мың процестері кеңінен механикаландырылатын болады. Міне, мұның барлығы Коммунистік партия мен Совет Үкметінің үздіксіз қамқорлық жасауының және еліміздің бүкіл халық шаруашылығына іркіліксіз басшылық жасауының игі нәтижесі болып табылады.

Партия мен Үкметіміз халық шаруашылығын күшті қарқынмен өркендетумен қатар, бүкіл совет халқының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін барған сайын жоғары көтеруге ерекше көңіл бөліп келеді. Мәселен, үстіміздегі бесжылдықта еліміздің теміржолшылары үшін көптеген пәтер үйлердің, клубтардың, кино-театрлардың, кітапханалардың, радиотораптарының салынуы бұл қамқорлықтың айқын сыпаттамасы болып табылады.

Тек Петропавл жол бөлімшесінің өзінде быйылғы жылы бірнеше ондаған теміржолшылар жақсы жабдықталған пәтер үйлер алды. Көздің өзінде бөлімшеде тұрғын үй құрылысы өрістетіле жүргізілуде.

Бүгін теміржолшылар еліміздегі коммунизм ісіне қосқан өздерінің үлестері туралы рапорт беруде. Бүкіл совет теміржолшылары сыяқты Петропавл жол бөлімшесінің коллективі де үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында өткен жылдың осы мерзіміндегіден жүкті 6,4 процент артық тасыды. Сонымен қатар, бөлімшеде

Халықтық демократия елдерінің әдебиетіне деген ынта күшеюде

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның Пушкин атындағы облыстық кітапханасының картотекасында кітап оқушылар үнемі көз салып қарап жүретін бөлім бар. Бөлім «халықтық демократия елдері мен ұлы Қытайдың әдебиеті» деп аталады. Кеше бөлімге энергетик Александр Пономарев келді. Ол Мао Дунның «Таң алдында» кітабын тапсырып, алған әсері туралы кітапханашымен әңгімелесті.

—Өте қызық шығарма. Қытай әдебиетінен тағыда шығармалар оқығым келеді.

Пономарев Дин Линнің «Сангань өзені үстіндегі күн сәулесі» деген кітабын таңдап алды.

Сонымен еңбекшілер халықтық демократия елдерінің шығармаларының, ақындары мен қоғам қайраткерлерінің шығармаларын ынтамен оқыйды. Әсіресе Мао Цзе-дунның шығармалар жыйнағы, Чжо Ли-бонның «Дауыл» романы, Ма Фин мен Си Жуннің «Люйляня тауларында» деген, Мао Дунның «Таң алдында» деген шығармалары, Корей

ақындары бар. Бұл үшін табысқа жетудің негізгі шарты — социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, кәсіпорындарының ішкі мүмкіншіліктерін мейлінше толық пайдалану қажет.

Әсіресе, көзір теміржолшылардың алдында аса жауапты міндеттер тұр. Ең алдымен олар астық тасу жөніндегі тапсырмалардың қалтқысыз орындалуын қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен қатар, халық шаруашылығының маңызды жүктердің, коммунизмнің ұлы құрылыстарына арналған жүктердің бөгелтілмей жөнелтілуіне жетісу қажет.

Темір жол транспортының шаруашылық басшылары мен партия ұйымдары өндірісте еңбек тәртібін оған сайын нығайтып, темір жолдың барлық буындарында бір қалыпты, өнімді жұмыс істелуін ұйымдастырулары керек. Сонда ғана бүгін таңдағы талаптарға сай алда тұрған міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы қамтамасыз етуге болады.

Теміржолшы жолдастар! Бүгін, совет теміржолшыларының дәстүрлі мерекесі күні қол жеткен игі табыстарды қорыға келіп, келешекте де сүйікті Отанымыздың оған сайын гүлдене беруі үшін қажырлылықпен еңбек ететін болайық. Коммунистік партия мен Совет Үкметінің еңбек майданындағы жаңа зор табыстармен қуантайық!

ақыны Се Ман Ирдің «Менің Кореям» өлеңі, неміс жазушысы Анна Зегерстің «Жетінші крест» деген шығармасы тағы басқалары қолдан-қолға тимейді.

Халықтық демократия елдерінің әдебиетін көп оқығандардың ішінде қызметші Михаил Юрин, инженер Вадим Петров, үй шаруасындағы әйел Александр Яковлева, пенсионер Федор Селиванов тағы басқа көптеген адамдар бар. Олардың оқыған кітап тізімдерінде 15—20 кітаптың аты жазылған.

Көзір кітапханада халықтық демократия елдерінің жазушыларының кітабын алып оқымайтындарды кездестіру қиын. Кітапхананың коллективі оқушыларға көмек ретінде «Бейбітшілік және демократия лагерінің мемлекеттері туралы не оқу керек» деген нұсқау тізім жасады.

Көзір облыста жүзден аса кітапхана бар. Олардың бәрі күн сайын халықтық демократия елдері жазушыларының орыс тіліне аударылған көптеген шығармаларын кітап оқушыларға беріп отырады. (ҚазТАГ).

МЕХАНИЗАТОРЛАР ЗЯБЬ ЖЫРТУДА

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Үштөбе МТС-нің механизаторлары пар жыртуға өткен жылдағыдан 20 күн ерте кірісті. Қаратал ауданының Абай атындағы, Молотов атындағы, «Достижение» колхоздарында алғашқы ондаған гектар жер жыртылды. «ЧТЗ» тракторын жүргізуші Алексей Маркелов өзінің кезекшісімен бірге күндіз егін жыйнауға қатысады, ал түнде тракторды зябь жыр-

туға пайдаланады. Ол бұл мерзімде 10 гектарға дейін жер жыртады. Иван Акимцев норманы едәуір асыра орындап жүр. Ол бес күннің ішінде 50 гектардан аса зябь жыртып.

Петропавл МТС-нің механизаторлары 300 гектар зябь жыртып. Тракторшылар Василий Шеремет, Петр Лютов күндіз комбайн жүргізеді, ал түнде жер жыртады.

Жарыстың күші

Мен Петропавл темір жол станциясында қатардағы стрелочник болып істеймін. Алғашқыда маневр және сапарға шығып бара жатқан поездардың тиісті бағытына қарай стрелкаларды кезінде реттеп отыруға үйрене де алмай жүрдім.

Бізге негізінен маневр поездарының ерсілі-қарсылы жүрісін кезінде, дәлме-дәл реттеп отыру міндеті жүктеледі. Бұл міндетті көзір мен ойдағыдай атқарып жүрмін. Әдеттегі күндерде де, теміржолшылардың бүкілодақтық мерекесі күрметіндегі социалистік жарыстың барысында да өзімнің участогімде ешбір ақауға жол бергенім жоқ, поездардың мезгілінде, бөгелмей өтуін қамтамасыз еттім. Міне бұл менің дәстүрлі мерекеге — теміржолшылар күніне арнаған тартуым болып табылады.

Мұндай табыс ойдағыдай өрістетілген социалистік жарыстың күші екенін атап айтқым келеді.

М. ЦЫБАНЕНКО,

Петропавл станциясының стрелочнигі.

Совет теміржолшылары өзінің дәстүрлі мерекесін орасан зор саяси және еңбек өрлеуі жағдайында қарсы алып отыр. Совет Одағы Коммунистік партиясы XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген совет халқытары Отанымыздың экономикалық қуатын арттыра беру үшін, қала мен ауыл-село еңбекшілерінің әл-ауқат және мәдениет дәрежесін көтере беру үшін СССР халық шаруашылығын өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары мерзімінен бұрын орындауда жан-қиярлықпен күресуде.

Коммунистік құрылыстың осы ұлы программасын жүзеге асыруда совет темір жол транспортына үлкен міндет жүктеледі.

Петропавл темір жол бөлімі жартыжылдық жоспарды ойдағыдай аяқтады. Жол бөлімшесі тұтас алғанда жүк тасу жоспарын 100,1 процент, орта тәуліктік жүк тиесудің жоспарын 128,5 процент орындады. Паровоз депосы паровоздарды орта жөндеудің тапсырмасын 100 процент, көтеріп жөндеудің тапсырмасын 100,2 процент орындады.

Сол сыяқты, вагон жөндеушілер коллективі күрделі вагон жөндеу жоспарын 104 процент, орта жөндеу 101,5 процент, жылдық жөндеуді 104 процент етіп асыра орындады. Жолдың бесінші дистанциясы жолды орта және күрделі жөндеу жұмысын мерзімінен бұрын аяқтап, елеулі өндірістік табысқа ие болды.

Бірақ, совет адамдары қол жеткен табысқа масаттанбайды. Партияның XIX съезінің директиваларында көрсетілгендей 1955 жылы темір жолдары жүк айналымының мөлшері 1950 жыл-

ДИСПЕТЧЕР

Петропавл торабы — біздің жол бөлімшесінің жүрегі. Петропавл арқылы күн сайын халық шаруашылығына керекті жүктер тиелген ондаған поездар өтіп жатады. Мұнда бейбіт өмір мен құрылысқа арналған жүк тасқыны күшті. Осы жүктерді жөнелту жүк тиелген составтарды құрастыру ісін диспетчер басқарады.

—Мен, —дейді диспетчер Г. Родия жолдас, —өз участогімдегі барлық станциялардың маневр жасау мүмкіншіліктерін, жүктің келу және оны жөнелту жағдайларын толық зерттеймін. Бұл менің жұмысыма үлкен көмек. Станцияда поездарды бөгемей, кезінде жөнелтіп отыру — негізгі міндеттердің бірі.

Мен көмекші паровоздардың жұмысына үлкен назар аударамын. Участоктегі жағдайды анықтай келе, составты станцияға деркезінде алып келуді қамтамасыз ету үшін паровоздар келгенге дейін қандай составқа паровоз беруді алдын-ала белгілеп қоямын.

Сол сыяқты, ауыр жүк тиелген поез-

дарды ұйымдастыру жұмысы да менің жадымнан шықпайды. Оған тіпті ерекше көңіл бөлемін десем де асыра айтқандық болмас. Көршілес станциялардан келетін поездар мен Петропавл және Макушино торабындағы жағдайды жете зерттеп білу үшін жұмысқа кезегім басталардан 30—40 минут бұрын келемін. Кезегіме кіріскенде станцияға қандай поездар және олар қашан келетінін анықтап аламын.

Ауыр жүк тиелген поезды құрастыру жөнінде маневр диспетчеріне немесе станция кезекшісіне тапсырыс берместен бұрын, составты алып жүретін машинисті белгілеп, бір сапарға социалистік жарыс шартын жасаймын. Оған поездың салмағын, ұзындығын белгілеп, участокте өту мерзімін белгілеймін. Бұл машинистің жауапкершілік сезімін күшейтіп, оны жаңа табыстарға жігерлендіреді.

Жағдайды анықтап, адамдарды зерттей білу — істің табысты болуын қамтамасыз ететіндігі сөзсіз, —дейді диспетчер Родия жолдас.

П. ОСИПОВ.

ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕ

жұмысын ұлғайтып, тұтас алғанда жол бөліміне жүк тасудың жоспарын орындауға мүмкіншілік берді. Таңдаулы диспетчер Родия жолдасының бастамасын бүкіл Омск темір жолының диспетчерлері қолдап отыр.

Петропавл паровоз депосының машинистері алған міндеттемелерді орындауда жаңа өндірістік табыстарға ие болуда. Машинист Середа жолдастың әдісі бойынша машинистер локомотивтің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыра отырып, оның тәулік ішіндегі пайдалы жұмысының мөлшерін 1 миллион тонна-километрге жеткізуде. Мұндай машинистердің қатарында Швидко, Яшнин, Шандыбин және басқа жолдастар бар.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартуға беру күресінде слесарь Сыдықов, аға кондукторлар Орлов, Бекмұқанбетов, электр механиктері Слазков және Долженко, поезд-вагон мастерлері Арбанов, Мушин тағы басқа жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен ерекше көзге түсті.

Алайда, темір жол транспортының жұмысында, соның ішінде, біздің Петропавл жол бөлімшесінің жұмысында елеулі көмешіліктердің бар екендігін жасыруға болмайды. Мүмкіншіліктер мен пайдаланылмай жатқан резервтердің көп екендігін атап көрсету қажет. Әсіресе, жұмыс сапасының төмен екендігі қатты байқалынады. Мәселен, жарты жылдың ішінде жүк тиелген поездарды расписание бойынша жөнелту 86,6 процент, паровоздардың орта тәуліктік жүріс жылдамдығы 96 процент қана орындалып отырғанына қарамастан бір рет тиелген жүкпен тұрып

жұмысын ұлғайтып, тұтас алғанда жол бөліміне жүк тасудың жоспарын орындауға мүмкіншілік берді. Таңдаулы диспетчер Родия жолдасының бастамасын бүкіл Омск темір жолының диспетчерлері қолдап отыр.

Петропавл паровоз депосының машинистері алған міндеттемелерді орындауда жаңа өндірістік табыстарға ие болуда. Машинист Середа жолдастың әдісі бойынша машинистер локомотивтің орта тәуліктік жүріс жылдамдығын арттыра отырып, оның тәулік ішіндегі пайдалы жұмысының мөлшерін 1 миллион тонна-километрге жеткізуде. Мұндай машинистердің қатарында Швидко, Яшнин, Шандыбин және басқа жолдастар бар.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнім сапасын жақсартуға беру күресінде слесарь Сыдықов, аға кондукторлар Орлов, Бекмұқанбетов, электр механиктері Слазков және Долженко, поезд-вагон мастерлері Арбанов, Мушин тағы басқа жолдастар өздерінің қажырлы еңбектерімен ерекше көзге түсті.

Алайда, темір жол транспортының жұмысында, соның ішінде, біздің Петропавл жол бөлімшесінің жұмысында елеулі көмешіліктердің бар екендігін жасыруға болмайды. Мүмкіншіліктер мен пайдаланылмай жатқан резервтердің көп екендігін атап көрсету қажет. Әсіресе, жұмыс сапасының төмен екендігі қатты байқалынады. Мәселен, жарты жылдың ішінде жүк тиелген поездарды расписание бойынша жөнелту 86,6 процент, паровоздардың орта тәуліктік жүріс жылдамдығы 96 процент қана орындалып отырғанына қарамастан бір рет тиелген жүкпен тұрып

жөніндегі жоспарды асыра орындау, ағуст айының есебіне ондаған вагон жүк жөнелтті.

Жүк тасымалдау бөлімінің стахановшы диспетчерлері Шмелев, Смагина және басқалары социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен аяқтады.

Петропавл вагоншылары теміржолшылар күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алды. Вагон депосының коллективі вагон жөндеудің барлық көрсеткіштері бойынша 7 айлық жоспарды 25 июльде орындап, көрнекті табысқа ие болған еді. Теміржолшылар мерекесі күрметіне жоспардан тыс 15 вагон жөнделіп шығып, олардың теңжартысы үнемделген материалдың есебінен жөнделді.

Бүкілодақтық теміржолшылар күні күрметіндегі социалистік жарыста алған міндеттемелердің қорытындысында Петропавл станциясында 21 темір жолшыға өз мамандығының таңдаулысы деген құрметті атақ берілді, 25 теміржолшы жарыста жеңіп шықты.

қалған вагондардың мөлшері 48,2 проценттен асып түсті. Сол сыяқты, орта және көтеріп жөндеуге қойылған паровоздардың жөндеуде болу мерзімі нормасынан екі есе, жуып жөндеу бес есе артық уақыт алып отыр.

Темір жол транспортындағы мұндай қанағаттанғысыз жағдайдың негізгі себептері жекелеген қызметкерлердің, тіпті басшы қызметкерлердің еңбек және мемлекет тәртібін бұзатындығында, жол бөлімі басшыларының басшылық жұмысын партия мен Үкмет талап еткендей жетілдіре алмай отырғандығында, әсіресе, теміржолшылар арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысының төмен дәрежеде екендігінде болып отыр. Совет Үкметі мемлекеттік және еңбек тәртібін бұлжытпай орындауды барлық қызметкерден талап етеді. Мұның мәнісі жұмыстағы кемшіліктермен сыйыспау, адамдарды социалистік Отанымызға шексіз берілгендік рухында тәрбиелеу, сын мен өзара сынды үнемі дамыта беру деген сөз. Ал, мұны жасыратыны жоқ, біздің бірталай жолдастарымыз жеткілікті түсінебей келеді.

Партия мен Үкметіміз теміржолшыларға үнемі аталық қамқорлық көрсетіп келеді. Біздің жол бөлімінен үстіміздегі жылы 150 қызметкер курорттар мен санаторийлерде, 300-ден астам теміржолшылар демалыс үйлерінде болды. 1953 жылдың ішінде 5217 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Партия мен Үкметіміздің бұл орасан зор аталық қамқорлығына Петропавл теміржолшылары іспен жауап беруге әзір.

А. ИОКТОН,

Петропавл темір жол бөлімшесі бастығының орынбасары.

Партия активінің Совет Одағы Коммунистік партиясының елу жылдығына арналған жыйналыстары

Октябрь

Бұл күндері үгітшілер мен насихатшылар аудан еңбекшілері арасында «Совет Одағының Коммунистік партиясына 50 жыл (1903—1953)» деген тезисті кеңінен түсіндіруде. Жақында болып өткен аудандық партия активінің жыйналысына 200, ден астам коммунист қатысты. Партия активінде ҚКП аудандық комитетінің секретары А. Кундеренко жолдас баяндама жасады.

Бірінші болып сөз алған Октябрь совхозы партия ұйымының секретары Терещенко жолдас Коммунистік партияның басшылығы арқасында совхоз жұмысшыларының қол жеткен табыстарына тоқталды. Бұдан 10 жыл бұрын,—деді ол,—совхозда бірде-бір жүк машинасы жоқ еді, комбайн, трактор тіпті болмайтын. Ал, бұл күндері совхозда 36 жүк машинасы, 23 комбайн және басқа да қуатты ауылшаруашылық машиналары көптеп саналады.

Мен 1919 жылдан бері партиямен бірге жасасым, оның дана басшылығы арқасында қол жеткен табыстарды өз көзіммен көріп келемін,—деді, Коновалов селолық Советінің председатели, 1919 жылдан бергі партия мүшесі Панов жолдас. Бұл табыстың молай беретіндігіне менің сенімім зор. Өйткені, бізді партия бастап келеді.

Партия жыйналысы шаруашылық жұмыстардағы және ҚКП аудандық комитетінің жергілікті партия ұйымдарына басшылығындағы кейбір кемшіліктердің бетін ашып, аудан еңбекшілері арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарды кеңінен жүргізу жөнінде нақтылы шаралар белгілен, қаулы алды.

Булаев

Совет Одағы Коммунистік партиясының елу жылдығына арналған аудандық партия активінің жыйналысы зор ұйымшылдықпен өтті. Онда «Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл» деген тақырыпта ҚКП аудандық комитетінің секретары Курлов жолдас баяндама жасады. Баяндамашы революцияның данышпаны Ленин құрған және шыңдаған партияның тарихына кеңінен тоқталды. Мұнымен бірге, ол жергілікті партия ұйымдарының шаруашылық мәселелеріне басшылығында-

Петропавл қаласы

Петропавл қалалық партия активінің жыйналысында РСДЖП Екінші съезінің елу жылдығы жөнінде облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдас баяндама жасады.

— 1903 жылғы 30 июль —РСДЖП-ның Екінші съезінің ашылған күні,—деді баяндамашы,—біздің Коммунистік партияның тарихындағы, еліміздің халықтарының өміріндегі және бүкіл халықаралық революциялық қозғалыстың тарихындағы елеулі оқиға болып табылады. Данышпан Ленин ұйымдастырып, шынықтырған Совет Одағының Коммунистік партиясы батырлық күрестің, қиын сынлар мен дүниежүзілік- тарихи жеңістердің даңқты жолдарын өтті. Біздің партиямыз бүкіл совет халқының шексіз сүйіспеншілігі мен сеніміне ие болып, советтік қоғамның ұйымдастырушысы және басшы күшіне айналды.

Баяндамашы СОКП -ның революциялық күресі, партияның коммунистік қоғам құру жолындағы міндеттері туралы айтты. Мұнымен бірге, ол қала партия ұйымының жұмысында елеулі кемшіліктер орын алып отырғандығын, ол кемшіліктерді дереу жою үшін барлық шараларды қолдану қажет екендігін айтты. Петропавлдың бірқатар өнеркәсіп орындары өндірістік программаны орындамай жүр. Одақтық- республикалық маңызы бар 10 кәсіпорны алғашқы жарты жылдықта мемлекетке 9 миллион сомның өнімін кем берді. Қалалық партия комитеті өндірістігі жұмыстың жайы үшін бастауыш партия ұйымдарының жауапкершілігін арттыру жөнінде жеткілікті жұмыс істей алмай келеді. Кейбір партия ұйымдары екі- үш ай бойы партия жыйналысын шақырмай, партия Уставын бұрмайды, коммунистерге маркстік- лениндік тәрбие беру ісінде де елеулі кемшіліктер бар. Бастауыш партия ұйымдарының жұмысына бақылау жасамау және жұмысты самозекпен істеу қалалық партия комитетінің, оның насихат және үгіт бөлімінің басшылық әдісінде әдетке айналған.

Баяндама бойынша жарыссөз басталды. Жарыссөзде сәйлеушілер Коммунистік партияға деген шексіз сүйіспеншілігі мен сенімін білдірді.

— Біздің партиямыз,—деді Петропавл жол бөлімшесінің саясаттық бөлімі басты-

1910 жылдан бері Коммунистік партияға мүше Зерневиц жолдас өзінің сөзінде СОКП-ның 50 жыл ішінде өткен даңқты жолы жөнінде айтты.

— Біздің партиямыздың тарихы,—деді ол,—Ленин жасап берген партиялық басшылықтың принциптері мен партия өмірінің ережелерінің аса зор маңызы бар екенін көрсетті. Партия бұл принциптер мен ережелерді мүлтіксіз орындап отыруды талап етеді. Алайда, біздің партия ұйымымызда коллективтік басшылықтың принциптері сақталмай, сын мен өзара сын кең өрістетілмей отырғандығын мойындауымыз керек. Мұның себебі —қалалық партия комитеті мекеме партия ұйымдарының жұмысына жеткілікті басшылық жасамайды.

Совет адамдарының үздіксіз өсіп отырған қажеттерін қанағаттандыру жөнінде үнемі қамқорлық жасауды Коммунистік партия өзінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі деп білгенді.

— Бұған,—деді Микоян атындағы ет-консерві комбинаты партия бюросының секретары Филимонов жолдас,—біздің кәсіпорнының барған сайын дамып отырғандығы толық мысал болады. Ет комбинаты өнім шығаруды 1946 жылмен салыстырғанда 213 процент арттырды. Комбинат күрделі техникамен көптеп жабдықталуда. Алайда, біздің жұмысымызда әлі де елеулі кемшіліктер бар. Ол кемшіліктерді жою — біздің партия ұйымы коммунистері мен комбинат коллективінің кезек күттірмейтін міндеті.

Орта дәрежелі ауылшаруашылық мектебі партия ұйымының секретары Саптыбаев жолдас Коммунистік партияның ұлы жеңісі —ССРО халықтарының мызғымас достығы туралы айтты.

— Қазақстан,—деді ол,—бұрын Россияның мүлде артта қалған шет аймағы болса, кәзір лениндік- сталиндік данышпан ұлт саясаты нәтижесінде алдыңғы қатарлы индустриялы-колхозды республикаға айналды.

Қалалық сауда бөлімінің партия ұйымының секретары Мерияшев жолдас Коммунистік партияның мақтаншыл ететіндігін айта келіп, қалалық партия комитетінің сауда ұйымдарына жеткіліксіз басшылық жасайтындығын сынады.

Жыйналыста бұлардан басқа темір жол-

Булаев ауданында Колхоздағы жаңа оқу үйі

Аудан колхоздарында мәдени-ағарту мекемелерінің саны жыл сайын көбейуде. Кәзір ауданның барлық колхозында дерлік оқу үйі бар. Үстіміздегі жылы аудан орталығында балалар кітапханасы ашылды, жұмыс істей бастады. Карл Маркс атындағы колхозда жаңа оқу үйі ашылды.

Кітапханалардағы кітап қоры да жылдан-жылға арта түсуде. Үстіміздегі жылы аудан кітапханаларының кітап қоры 39 мың сомның жаңа кітаптарымен толықтырылмақ.

Ірі ұтыс

Жуырда Сталин атындағы колхоздың мүшесі Ө. Үсенов жолдас өзінің Мемлекеттік 2 проценттік заемының 200 сомдық облигациясын тексертті. Соңғы ұтыс тиражы бойынша ол бұл облигациясына 10 мың сом ұтыс алды.

Даңқты ананың семьясы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша кәзір аудандағы көп балалы 6 ана «Даңқты ана» деген құрметті атаққа ие болып отыр. Солардың бірі 10 баланың анасы Варвара Михайловна Титова.

Варвара Михайловна басқа да көп балалы аналар сияқты бірнеше жыл бойына мемлекеттен жәрдем алып тұрды. Кәзір оның балалары оқып білім алып, ер жетті. Оның 3 баласы қызмет істейді, бір ұлы Совет Армиясының жауынгері, бір ұлы инженер, 4 баласы аудандағы орта мектепте оқу оқыйды.

Колхоз дүкендері

Аудан колхоздары шаруашылықтың көсемна сәлаларынан көп кіріс табады. Мәселен, «Гигант» колхозы аудан орталығынан магазин ашып, түрлі нан, ірімшік, өтөрод егістерінің өнімін сатып, күн сайын 550—650 сом кіріс алып отырады. Сол сияқты Сталин атындағы колхоз дүкен ашып, қымыз және піскен ет сата бастады.

Оқушылардың көмегі

Ленин атындағы колхозда қоғамдық мал үшін жеткілікті мөлшерде жемшөп қорын жасап алу ісіне колхозшылармен бірге оқушылар да ат салысуда. Кеңалымды шөп машиналарында жұмыс істеп жүрген оқушы Сыздықов Марал 125 еңбеккүн, оқушы Арыстанбаев Базарбай 97 еңбеккүн, Өсербаев 75 еңбеккүн тапты.

Оқушылар егін жыйнау мен астық да-

Американ еңбекшілерінің қуанышсыз тағдыры

АҚШ-тың аса көп пайда табуға ұмтылған монополиялары еңбекші бұқараны қанауды үздіксіз күшейтуде. Капиталистердің табысының тез өсуі халық бұқарасының тұрмыс дәрежесінің соңшалық төмендеуімен қатар жүргізіліп отырады. Мұны Американың көрнекті мемлекет қайраткерлері де мақұлдауда. Мысалы, АҚШ-тың бұрынғы президенті Трумэн осы жылғы январьда экономикалық мәселелер жөнінде конгреске жазған арнаулы жолдауында АҚШ халқының едәуір бөлігі «нашар тамақтанады, жұпыны киінеді және нашар тұрғын үй жағдайында тұрады» деп мойындаған болатын.

Трумэннің бұл мойындауын американ газетінің белгілі бір себептермен жариялаған бірқатар цифрларымен және фактілерімен толықтыруға болады.

ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ҚАЛТАСЫНАН

Соңғы 15 жылдың ішінде Құрама Штаттардың акциялық қоғамдарының пайдасы, шамамен айтқанда, 13 есе өсті. Егер ресми мәліметтер бойынша, 1938-жылы олардың пайдасы (салықтарды төлегенге дейін) 3,3 миллиард доллар болса, 1951 жылдың өзінде 42,9 миллиард доллар жеткен.

Мұншалық орасан көп пайда ненің және кімнің есебінен алынып отыр?

Пайданың кейбір көздері мынадай. Егер 15 жыл бұрын АҚШ-тың халқы федералдық үкіметке салық ретінде 1,3 миллиард доллар төлеген болса, 1952-53 бюджет жылында төте салықтың өзінен 33 миллиард доллар төледі, яғни 12,4 есе артық! Бірақ федералдық төте салықтардан басқа, американдар толып жатқан әртүрлі алымдардың да ауыртпалығын көтереді —жанама федералдық салықтар, жеке штаттардың үкіметтері мен жергілікті басқармаларының пайдасы үшін төте және жанама салықтар төлейді. Ал жыл сайын салықтар үздіксіз көбейе түсуде.

Американдардың кәзір салық төлемейтін нәрсесі бар ма! Американдық өз табыстарын, мүліктерін, суды, теменіні, бензинді пайдаланғаны үшін, сауық орындарына барғаны үшін, мұрагерлік правосын пайдаланғаны үшін көп ақша төлейді. 20 данадан тұратын бір құты сигаретт Нью-Йоркта үш түрлі салыққа қамтылады, деп жазады «Мэгэвин оф Уолл-Стрит» газеті, ол салықтардың сомасы жалпы алғанда оның сатылу бағасының жартысынан артады.

Елде салық минимумын кеміту есебінен тікелей салық түсетін адамдардың саны шұғыл көбейді. Егер 1938 жылы тікелей салық түсетін адамдардың саны 3 миллион болса, ал 1951 жылдың өзінде 44,3 миллионға жетті! Жұмысшылар түрлі салық ретінде жалақысының үштен бір бөлігін төлеп отырады.

Барлық салықтан түскен қаржының аса көпшілігі үкіметтің соғыс заказдары үшін төленетін ақша ретінде

ішінде ғана, кәсіподақ газеті «С. И. О. Ньюстің» хабарлауына, «Пәсифик миллс», «Арлингтон» компанияларының ірі комбинаттары және басқалары жұмысын тоқтатқан. Бірнеше мың семья қаладан кетіп қалған. Ал қалғандардың өзінің төрттен бір бөлігі жұмыс таба алмай жүр. Жұмыс істеушілер деп саналатын «бақыттылардың» өзі бір аптада толық жұмыс істемейді.

Лоуренстің тоқымашылары қалай тұратындығын сол «С. И. О. Ньюс» газеті ашық айтып отыр. Жұмысшы Фрэнк Моран бұдан 18 ай бұрын тұрақты жұмыс алудан қалып, кездейсоқ жалақы іздеп кезіп жүр. Оның семьясы мүліктерін елдеқашан сатып тауысты, енді көп ақша қарызды.

Пенсильвания штатындағы көмір өнеркәсіп қаласы Джонстаунға да жұмыссыздық жеткен. Мұнда, «Юнайтед Стейтс Ньюс энд Уорлд рипорт» журналының жуырда хабар еткеніндей, кәзірдің өзінде жұмыссыздық 7 мыңға жуық адамды қамтыған. Тағыда 5 мың адам аптасына 2-3- ақ күн жұмыс істейді. АҚШ-тың көмір өнеркәсібі күйреу халінде тұр, бұл елде көмір өндіру соңғы екі жылдың ішінде 16 процент кеміген. Бірқатар жерлердегі шахталар қабылда, көмір қазушылар борышты болуда, ашығуда, ал көмір өнеркәсібі бар қалалар қаңырап бос қалу халіне жеткен. Бұл жағдайдың бәрі Джонстаунда да болды, сондықтан да оның халқы тез кеміп кеткен.

ФЕРМЕРЛЕР КҮЙЗЕЛІСКЕ ҰШЫРАУДА

Халықтың тұрмыс жағдайының нашарлауына байланысты азық-түлік өнімі мен ауылшаруашылық шикізаттарының тұтынудың кемуі, монополиялардың ауылшаруашылық өнімдерін фермерлерден арзан бағамен ғана сатып алуы, өнеркәсіп товарларының бағасының қымбаттауы —осының бәрі елдің ауыл шаруашылығын елеулі қиыншылықтарға душар етті, фермерлердің табысын едәуір кемітуге әкеліп соқты.

Мұндай жағдайда ұсақ фермерлер ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарының бәсекесіне төтеп бере алмайды. Олар қайыршыланып, күйзеліске ұшырап, жұмыссыздардың орасан зор армиясын толықтыруда.

Ұсақ және орташа фермерлер ешнәрсенің есебін таба алмай, борышқа белшесінен батуда, сөйтіп, күйзеліске ұшырауда. Американың Ассошиэтед Пресс агенттігінің мәліметтеріне қарағанда, өткен жылдың өзінде ғана фермерлердің борышы 2 миллиард долларға көбейіп, быылғы жылдың басында орасан зор сомаға —14 миллиард долларға жеткен. Соңғы жеті жылдың ішінде фермалардың саны 600 мыңға кемген. Мұның өзі 600 мың семья бүлініп, бір тілім нан табу үшін жолдарды кезіп қаңғырып кетті деген сөз.

ғы кейбір кемшіліктерді атап өтті.

Чистов совхозы партия ұйымының секретары Артеменко жолдас СОКП XIX съезінің партияның өткен тарихына қорытынды жасап, ұлы құрылыс жұмыстарының тамаша программасын жасап бергенін айта келе, совхозда социалистік жарыстың кеңінен өрістетілмеуі, шөп шабу жоспарының орындалмауы сыяқты кемшіліктерді сынады.

Совет өкметі жылдарында мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы толық механикаландырылды. Тек Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардың өзінде ғана жүзге жуық жүк машиналарын, комбайн, трактор және ауылшаруашылық машиналарын алдық, — деді Ұзынкөл совхозы партия ұйымының секретары Грачев жолдас.

Аудандық партия активі шөп шабу мен оны майлау арасындағы алшақтықты 5 августқа дейін жойып, егін орағына барлық жағынан үлгілі әзірленіп, егіншілер арасында «Совет Одағы Коммунистік партиясына елу жыл (1903—1953)» деген тезис туралы және басқа саяси тақырыптарда өңгіме өткізудің, атап айтқанда үгіт-бұқаралық жұмыстарды кеңінен жүргізудің тиісті шараларын белгіледі.

Петропавл ауданы

Петропавл аудандық партия активінің жыйналысында ККП аудандық комитетінің секретары Кабунасов жолдас «РСДЖП-ның II съезіне елу жыл» деген тақырыпта баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзге шығып сөйлеушілер РСДЖП-ның II съезінің маңызы, онда Ресей социал демократиялық жұмысшы партиясының құрылғаны туралы айтты.

— Коммунистік партия колхозшылар бұқарасына күнбе-күн қамқорлық жасап отырады, — деді «Луч Ленина» колхозы партия ұйымының секретары Слещенко жолдас. Оған біздің колхозымыздың кірісінің бір миллион сомға жетуі, колхозшылардың мәдени-тұрмыс дәрежесінің жақсаруы толық дәлел бола алады.

Сталин атындағы колхоздың председателі Бержатый жолдас партияның басшылығы арқасында колхоз шаруашылығындағы адам күшін көп керек ететін жұмыстардың толық механикаландырылғанына, мұндай колхоздардың елімізде көптеп саналатынына тоқталды. Сонымен қатар ол колхозшылардың Коммунистік партияға деген шексіз сүйіспеншілігін айтты.

Партия активіне қатысушылар СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегінде берік топтасып, идеологиялық жұмысты жақсартуға және аудан алдында тұрған барлық саяси-шаруашылық міндеттерді мерзімінде орындауға бағытталған қарар қабылдады.

Ұлының орнындағы бәріміз жолдас, ол құрылғаннан бастап еңбекші халықтың бостандығы мен бақыты үшін күрестің туын жоғары ұстап келеді. Ол Россияның халықтарын елімізде социализм орнатуға жеткізді, кәзір еліміздің еңбекшілерін социализмнен бірте-бірте коммунизмге өтуге бастауда. Петропавл бөлімшесінің темір-жолшылары бүкіл совет халқымен бірге бұл тарихи күнді жаңа өндірістік табыстармен қарсы алып отыр.

Совет

Жақында Совет аудандық партия активінің жыйналысы болып өтті. Онда Совет Одағының Коммунистік партиясының құрылғанына елу жыл толуына байланысты аудандық партия комитетінің секретары Пономарев жолдас баяндама жасады.

— РСДЖП II съезінен бергі елу жылдың ішінде, — деді баяндамашы, — Совет Одағының Коммунистік партиясы зор және даңқты күрес жолын өтті. Әрбір күресте, демең, елімізде коммунизм орнату күресінде коммунистік құрылысқа жау элементтерге қарсы күресте біздің партия жеңістен жеңіске жетіп келеді. Біздің партияның күші сонда — ол Маркстің — Энгельстің — Лениннің — Сталиннің жеңімпаз ілімін басшылыққа алып отырады. Халық бұқарамен үздіксіз тығыз байланыс жасап, өзінің барлық өмірі мен қызметін халық мүддесіне арнайды. Сондықтан да халық партияның данышпандық басшылығына шексіз сенеді, оған шын жүректен сүйіспеншілікпен қарап, үнемі оның саясатын қуаттап отырады, сөйтіп, өзінің даңқты партиясының төңірегінде тығыз топтаса береді.

Баяндамашы партияның елу жылдығын атап өтудің тарихи маңызын айта келіп, аудан партия ұйымының өсіп, нығайып

Приешім

Приешім ауданының еңбекшілері Совет Одағы Коммунистік партиясының елу жылдығын асқан зор қуанышпен атап өтуде. Аудандық партия активінің жүзге жуық коммунист қатысқан жыйналысында ККП аудандық комитетінің секретары Орлов жолдас баяндама жасады. Баяндамашы және жарыссөзге сөйлеушілер Коммунистік партияның елімізде коммунистік қоғам орнатудағы роліне, совет халқының бақытты тұрмысқа жеткізіп отырғанына тоқталды.

Куйбышев атындағы колхоз партия ұйымының секретары Белоусов жолдас РСДЖП Екінші съезінің тарихи маңызын айта келіп, колхоздың партияның басшылығы арқасында қол жеткен табыстары жөнінде айтты.

Партияның XIX съезінің тарихи қарарларын басшылыққа ала отырып, аудандық партия ұйымдары еңбекшілер ара-

ларовоз депосы партия ұйымының секретары Анохин, қалалық соғыс комиссары Филиппенко, қалалық партия комитетінің секретары Ноделуев жолдастар сөз сөйледі.

Қалалық партия активінің жыйналысы бірауыздан қарар қабылдап, қала коммунистерінің СОКП Орталық Комитетінің төңірегінде бұрынғыдан да берік топтаса түсетіндігін білдірді.

келе жатқанына мысалдар келтірді. Сонымен қатар, ол аудан партия ұйымының алдында тұрған міндеттерге және жеңілген бастауыш партия ұйымдарында болған кемшіліктерге тоқталды. Жыйналысқа қатысқандардың назарын жемшөп дайындау, егін жыйнау сыяқты маңызды науқандарды деркезінде орындаудың қажеттілігіне аударды.

Жыйналыс идеялық жоғары дәрежеде зор белсенділікпен өтті. Жарыссөзде сөйлеген коммунистерден, әсіресе, «Совет колхозының председателі Бондаренко, Қызыл астық совхозының директоры Солонин, аудандық «Социалистический труд» газетінің редакторы Зиновьев жолдастардың сөзі әсерлі болды. Бұл жолдастар колхоздар мен совхоздардың қол жеткен табыстарын айта келіп, сын мен өзара сынды кең өрістетті. Зиновьев жолдас кейбір коммунистердің әлі күнге партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзатындығын айтты.

Актив жыйналысы партия ұйымдарында орын алған кемшіліктерді жоюға, колхоз, МТС, совхоздарға партия басшылығын жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады.

сында үгіт-бұқаралық жұмыстарын бір-қатар жақсартты, деді ККП аудандық комитетінің секретары Коваленко жолдас. Бірақ, Сталин атындағы колхоздың, Тимирязев атындағы МТС-тің бастауыш партия ұйымдары партия оқуының программасын толық өте алмады. Мұнда коммунистердің өздігінен идеялық-саяси білімін көтеруі де нашар.

Коммунистердің авангардтық ролінің артуының арқасында совхозда еңбек ұйымдастыру тәртібі жақсара түсті, деді Қызылөскер совхозы партия ұйымының секретары Әділшин жолдас. Совхоз көктем егісін және пар жыртуды деркезінде аяқтады. Кәзір совхоз егін орағына толық өзір отыр.

Партия активінің жыйналысы СОКП XIX съезінің қарарларын жүзеге асыруға барлық мүмкіншіліктерді пайдалану жөнінде қаулы алды.

андау шаруаны жөзінде тұған колхоздарына өздерінің қажырлы еңбегімен көмектесуді ұйғарып отыр.

—000—

Стахановшылар кеші

Кеше Петропавл станциясындағы теміржолшылар паркінің жазғы театрында темір жол торабы жас стахановшыларының кеші өткізілді.

Теміржолшылар кәсіподағы аудандық комитетінің председателі Лысов жолдас бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға жастардың қалай қатысып жүргендігі туралы баяндама жасады.

Баяндамадан кейін теміржолшылар күнін лайықты қарсы алғаны үшін 60 жас стахановшыға облыстық комсомол комитетінің грамотасы тапсырылды. Грамота алғандардың ішінде комсомол-жастар колоннасының машинисі Маковецкий, машинистің көмекшісі Рогачев, бас кондуктор Горбунов, паровоз депосының слесарьлары Истамин және Лесик, станция таразышысы Тимошенко жолдастар және басқалары бар.

Грамоталар тапсырылып болғаннан кейін би алаңында түрлі ойындар және би ұйымдастырылды.

Таңдаулы диспетчер Москваға жүріп кетті

Жуырда Петропавл темір жол бөлімінің таңдаулы диспетчері Родин жолдас Жол қатынасы министрлігінің, саяси басқарманың және теміржолшылар кәсіподағы Орталық Комитетінің шақыруы бойынша теміржолшылар күнін мерекелеуге қатысу үшін Москваға жүріп кетті.

Оқушылар қоғамдық еңбекке белсене қатысуда

Октябрь ауданындағы Чапаев атындағы колхоз мүшелерінің Ленин орта мектебінде оқытатын бадалзры туған колхоздарына демалысқа қайтып келгені колхозда қоғамдық еңбекке белсене қатысуда. Әсіресе, мал азығын дайындау жұмыс істеп жүрген комсомолецтер еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Комсомолецтер әрқайсысы жазғы демалыс кезінде 90—100 еңбеккүн табуға міндеттенген еді. Олар кәзірдің өзінде 45—50 еңбеккүн тапты.

Комсомолецтердің үлгісі бойынша басқа оқушылар да мал азығын дайындауға жашпай қатыса бастады. Кәзір колхоз даласында 26 оқушы жұмыс істеп жүр.

Комсомолецтер А. Құсайынов, М. Бекімов, В. Овсянникова, З. Мусина және басқалары мал азығын дайындауға қажырлы еңбек етіп, күндік тапсырмаларын 120 процентке дейін орындайды.

Т. ШЕГІРОВ.

тінде монополиялардың темір сандықтарына барып түседі.

...Американың үй шаруасындағы әйелі базарға бара жатып әрдайым өзіне мынадай сұрақтар беріп:

—Бүгін 1 литр сүт үшін, 1 килограмм ет үшін қанша төлеуге тура келер екен? Бүгін баға қандай болар екен? — деп қобалжумен болады.

Оның бұлай етуіне толып жатқан себептер бар. Азық-түлікпен көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үнемі артып отырады. Соңғы уақытта бағаның соғысқа дейінгі дәрежесінен әлде қайда жоғары болғандығын көрсететін мынадай бірнеше мәліметтерді келтірейік.

АҚШ-тың еңбек министрлігінің 1952 жылғы августтағы мәліметтері бойынша, жеті жылдың ішінде сыйыр еті 2,7 есе, шошқа еті — 2,5 есе, сарымай — 70 проценттен көбірек, сүт 50 процент қымбаттаған. Соңғы 15 жылдың ішінде АҚШ-тағы тұрмыс үш есеге жуық қымбаттаған.

Ал жалақы қалай? Ол салықтар мен тұрмыс нарқының қымбаттауына ілесе алмай келеді.

Сол себепті де американың семьяларының 79 процентіне жуығының жалақысы күн көруге жетпейді, ал барлық семьялардың үштен бір бөлегінің күн көріс минимумының жартысына жетерліктей де табысы жоқ.

ЛОУРЕНС ПЕН ДЖОНСТАУННЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

Американың ресми статистикасы АҚШ-тағы жұмыссыздықтың шын көлемін жасырмақ болып босқа әуреленеді. Бірақ буржуазиялық баспасөздің өзі онда миллиондаған толық және ішінара жұмыссыздар бар екенін мойындап отыр. Жанталаса қарулану да жұмыссыздықты жою алған жоқ. Американың халық шаруашылығының өз өндірісін жыйнап алып жатқан азаматтық салаларында жұмысшылардың саны аздағандығы соншалық, босаған жұмысшылар соғыс кәсіпорындарының керегінен артып қалып жатыр. Американың екі өнеркәсіп қаласының — Лоуренс пен Джонстаунның тағдыры бұған айқын дәлел болады.

Массачузетс штатындағы Лоуренс қаласы ондаған жылдардан бері «АҚШ-тың жүн астанасы» деген атаққа ие болып келеді. Онда елдің ірі-ірі шұға фабрикалары бар. Ол фабрикаларда ондаған мың адам істейтін. Ал кәзір Лоуренс — жаппай жұмыссыздар қаласы болып отыр. Соңғы бірнеше айлардың

КЕПЕЛЕР ДҮНИЕСІ

Осы жылғы майдың ақырында Нью-Йоркта тұрғын үй жағдайларын тексерудің нәтижелері туралы баяндама жарияланды. Баяндаманың авторлары қалада «тұрғын үй жағдайынан шын мәнісінде қайғылы халге жеткен адамдар» өте көп... Кежелер жойылудың орнына, көбейе түсуде» деген қорытындыға келген.

Американың қай қаласы туралы болса да осындай қорытынды жасауға болады. Үлкен қалаларда мұндай кежелер қап-қара, ыс басқан, қоқыс жапқан кварталдарда біртүсті тізбек болып бірнеше километрге созылады. Онда ағаш та, шөпте жоқ, үйлер жартылай қыйрап жатады, сұмдық ылас болады. Тар «пөтерлерде» канализация, су болмайды... Әрбір саңлаудан қайыршылық сығалап тұрғандай.

31 июльден бастап АҚШ-тың барлық жерлерінде жалақыға үкмет бақылауы жойылады. Енді үй несі пөтерде тұратындарға қалаған шартын істетеді алады. Ал АҚШ-та онысыз да соңғы он жылдың ішінде пөтер ақысы екі еседей артқан болатын. Сонымен, американың еңбегінің бюджетіне тағыда ауыр соққы берілгені отыр.

АҚШ-та еңбекшілерге медициналық жәрдем көрсету жағы да жақсы емес. Онда денсаулық сақтаудың халыққа тегін қызмет ететін мемлекеттік системасы жоқ. Осының нәтижесінде, АҚШ-тың ұлттық денсаулық сақтау басқармасының жуырдағы баяндамасында айтылғанындай, «40 миллионға жуық американың — халықтың төрттен бір бөлігіне жуығы — ең болмашы дәрігерлік көмекті өзін де ала алмайды... Елдегі аудандардың тең жартысында емдеу мекемелері жоқ».

АҚШ-та емдеу ақысы соңғы 12-13 жылдың ішінде 3—5 есе артқан. Денсаулық сақтау ісіне мемлекеттік көмек көрсету жайында болса, бұл мақсатқа 1952—53 жылдардың бюджетінен 350 миллион доллар ғана бөлінген. Мұны совет сомына шағатын болсақ, бірғана Москва облысына бөлінген қаржыдан да аз.

Сондықтан 26—28 миллион американың физикалық және психикалық жағынан айықпайтын аурудың азабын шегетіндігі де таңғаларлық нәрсе емес. АҚШ-та 870 мың аурухана төсегі, 50 мың дәрігер, 100 мың кіші медицина қызметкері жетіспейді.

А. АЛЕКСАНДРОВ.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЕГОР БУЛЫЧОВ
ЖӘНЕ БАСҚАЛАРЫ»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КУБАНЬ КАЗАҚТАРЫ»

Сеанстар сағат 8-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.